

**«6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Ақниет Жанысбаеваның «Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемалары («Оңтүстік Қазақстан» газеті материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына**

## **ПІКІР**

Аймақтық мерзімді баспасөздің тарихы мен дамуын, бүгінгі тыныс-тіршілігін жаңашыл көзқараспен зерттеу - заман талабы. Сондықтан ізденушінің осы тақырыпты таңдауы өте орынды.

Аймақтарда жүздеген газет-журнал шығады. Оның әрқайсының қалыптасуы мен даму тарихы сол өңірдің рухани-мәдени өмірімен біте қайнасып жатыр. Солай бола тұра, облыстық газеттердің мерейтойларына байланысты шыққан шағын материалдар болмаса, облыстардағы журналистиканың толыққанды тарихы мен тәжірибесі әлі де терең зерттеле қойған жоқ.

Ізденуші А.Жанысбаева аймақтық мерзімді баспасөздің ұлттық, қоғамдық ой-санамызды қалыптастырудағы рөлін, жеке публицистердің шығармашылық шеберлігін көрсету арқылы қазақ халқының әлемдік рухани ортадағы орнын айқындауға тырысқан. Осы мақсаттағы ізденісі жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен ұштасып жатыр.

Диссертант аймақтық баспасөздің дамуы мен қалыптасуы, қазіргі таңдағы проблемалары туралы өз пікірі мен көзқарасын ортаға салумен бірге сауалнама, сұхбат жүргізу, статистикалық мәліметтерді өңдеу әдістерін пайдалана отырып, салыстыру, жалпы шолу, индукция, дидукция, логикалық сараптау әдістерін де шебер пайдаланған.

Зерттеудің теориялық деңгейінде дидактикалық, жүйелі сараптамалық тәсілдерді пайдаланып, баяндау, жинақтау, дискурс арқылы сараптама жасау мен қорытындылау әдіс-тәсілдерін де қолданған.

Ақниет Жанысбаеваның ғылыми жұмысы аймақтық баспасөздің бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерін терең зерттеумен шектеліп қалмаған. Сол проблемаларды шешудің нақты жолы мен ел игілігіне оңтайлы пайдалану мүмкіндіктерін де көрсетіп берген. Бұл диссертациялық жұмыстың қолданбалық мәнін арттыратын тұсы.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Құрылым рет-ретімен, логикалық жүйемен өзара байланыстыра отырып түзілген және нәтижелердің ішкі бірлігі толық сақталған. Әр тарау бірімен бірі сабақтасып, толықтырып тұр.

Сондықтан ғылыми жұмыс журналистика мен баспа ісі, қоғаммен байланыс, тарих пен филология, саясаттану мен әлеуметтану ғылымдары үшін маңызы бар деп білеміз.

Диссертациялық жұмыстың қорытынды бөліміндегі ұсыныстардың мәні мен маңызы зор. Осы ұсыныстарды жүзеге асырудың мүмкіндігі жоғары деуге негіз бар.

Оқу мен өндіріс саласына арналған ендіру актілерінің өзі сұранысқа ие және бұл ғылыми тұжырымдардың қолданбалық мәнінен хабар береді. Негізгі

тұжырымдар журналистика ғылымының теориясы мен тарихына, тәжірибесіне негізделгендіктен сараптамалық орталықтар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде түрлі бағыттағы ғылыми ізденістерде қолданысқа енгізуге толық мүмкіндік бар.

Тақырыбы мен бағыты, мазмұны мен мақсаты, міндеті, тұжырымдары мен қорытындылары А.Жанысбаеваның «Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемалары («Оңтүстік Қазақстан» газеті материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысы «6D050400 - Журналистика» мамандығының паспортындағы талаптарға сәйкес келеді. Зерттеуші А.Жанысбаеваның бұл орайдағы еңбегі осы бағыттағы өзекті проблемаларды, теориялық және қолданбалы мақсаттарды шешуге толық сәйкес.

Ақниет Жанысбаеваның «Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі аймақтық мерзімді басылымдардың проблемалары («Оңтүстік Қазақстан» газеті материалдары негізінде)» тақырыбында орындаған докторлық диссертациясын қорғауға ұсынуға болады және ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына сай келеді. Сондықтан Ақниет Жанысбаеваға «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп қорытынды жасауға негіз бар.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігінің «Ішкі істер органдары  
Медиа орталығы» ЖШС-інің  
Шеф - редакторы**



**Ғалым Омарханов**